



Шарттық азаматтық-құқықтық қатынастарда кінәні анықтаудың тәжірибелік аспектілері

Ғ.Ө. Серім*¹ , У.С. Серимов² , С.А. Туменбаев³ 

¹Сулейман Демирель атындағы университет, Қаскелең қ, Қазақстан

²«Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ, Астана қ, Қазақстан

³«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ, Алматы қ, Қазақстан

gaini.serim@sdu.edu.kz, 7019979191@mail.ru

Аңдатпа. Азаматтық-құқықтық реттеудің негізгі міндеті азаматтық айналымның тұрақтылығын қамтамасыз ету, жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қорғау болып табылады. Келісілген шарттық міндеттемелердің орындалмауынан немесе тиісті дәрежеде орындалмауынан зардап шеккен азаматтық-құқықтық қатынастардың қатысушылары өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, келтірілген зиянның орнын толтыруды талап етуге мүмкіндіктері болуы тиіс. Осы орайда қолданыстағы ҚР АҚ-де көрініс тапқан бұзылған азаматтық құқықтарды қорғау механизмдері аталған мақсатқа жетудің маңызды құралы болып табылады. Зерттеудің мақсаты - шарттық азаматтық-құқықтық қатынастарда кінәні анықтаудың жаңа тәсілдерін және маңыздылығын белгілеу. Мақалада шарттық азаматтық-құқықтық қатынастар бойынша сот шешімдеріне талдау жүргізілді. Талданған сот шешімдері негізінде шарттық азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің көптеген нысандары үшін, келтірілген зиянды өтеуден басқа, құқыққа қайшы әрекет (әрекетсіздік) пен кінә сияқты екі элементтен тұратын құқық бұзушылықтың қысқартылған (формальді) құрамы тән екендігі және бұл құрамда зиян міндетті элемент болып табылмауы да мүмкін екендігі анықталды.

Түйін сөздер: кінә, шарттық азаматтық-құқықтық қатынастар, кінәлілік презумпциясы.

Кіріспе

Азаматтық құқықтар мен заңды мүдделерді қорғаудың құралы ретінде азаматтық-құқықтық жауапкершілік нормалары институты қолданыстағы ҚР АҚ 20-тарауында нақты бекітілген. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік шараларын қолдану үшін оның туындау шарттары туралы анық түсінік болуы тиіс. Бұл мәселені толыққанды анықтамай жауапкершілік шараларын дұрыс қолдану мүмкін емес. Азаматтық құқық теориясында шарттық және шарттан тыс құқық бұзушылықтар мен олардан туындайтын жауапкершілік арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Шарттық және деликтілік құқық бұзушылықтардың айырмашылығы кінә презумпциясын қолдану мен жоққа шығаруға әсерін тигізеді.

Әдіснама

Мақаладағы зерттеудің әдіснамалық негізін танымның ғылыми диалектикалық әдістерінің ережелері құрайды. Ғылыми зерттеулерді жүргізу кезінде диалектикалық, салыстырмалы-құқықтық, логикалық әдістер қолданылды.

Мақаладағы зерттеудің теориялық маңыздылығы шарттық азаматтық-құқықтық қатынастарда кінәні анықтау мәселелерін зерттеу болып табылады.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы шарттық азаматтық-құқықтық қатынастарда құқық бұзушылық құрамын анықтаумен, сондай-ақ нақты сот тәжірибесін талдаумен айқындалады. Бұл сот органдарына кінә мәселесіне қатысты нормаларды тәжірибеде біркелкі қолдануға мүмкіндік беруі тиіс.

Пікірталастар

ҚР АҚ 20-тарауы «Міндеттеменің бұзылғандығы үшін жауаптылыққа» арналған. ҚР АҚ 359-бабындағы «Міндеттеменің бұзылғандығы үшін жауапкершілік негіздері» өзінің атауы мен мазмұны жағынан шарттық қатынастарды реттеуге бағытталған. Аталған бапқа сәйкес міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған тұлға кінәлі болған жағдайда, егер заңнамамен және шартпен жауапкершіліктің өзге негіздері көрсетілмесе жауапкершілікке тартылады. «Міндеттемені орындамаған тұлға» тіркесі құқық бұзушылықты (міндеттеменің орындалмағанын) көрсетеді, ал деликтілік жауапкершілікте деликтілік міндеттемені орындамау мүмкін емес, себебі ол құқық бұзушылық (зиян келтірілген) кезде туындайды. Өзінің құқықтық болмысы жағынан деликт қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтармен ұқсас болып келеді. Ол жалпы азаматтық тыйым салулар бұзылған жағдайда орын алады.

Шарттық жауапкершілік міндеттеуші норма бұзылған жағдайда, ал деликтілік құқықтың тыйым салушы нормасы бұзылған жағдайда туындайды. Осылайша, ҚР АҚ 359-бабында шарттық міндеттеменің бұзылғандығы, яғни міндеттеуші құқық нормасының бұзылғандығы ашып көрсетіледі.

Осы орайда Н.А.Чикишеваның пікірінше, материалды құрамды құқық бұзушылықтарда көбінесе тұлға өзінің әрекетінің (әрекетсіздігінің) құқыққа қайшы екендігін және оның орын алған зияндылықпен себепті байланысын түсінеді. Сондықтан да тұлғаның кінәсіздігі зиянның орын алуын болжау мүмкіндігінде (оларды болжай алудың нормативті міндеті мен субъективті мүмкіндігі болмаған кезде) көрініс табады [1].

Азаматтық айналымда мүлікті иеліктен шығаруға бағытталған мәмілелердің ең негізгі және кең қолданысқа ие түрі – бұл сатып алу-сату шарты. Сатып алу-сату шартының анықтамасы ҚР АҚ 406-бабында беріледі және ҚР АҚ Ерекше бөлімінің 25-тарауы осы шарттың жалпы ережелеріне арналған. Қолданыстағы заңнама бойынша сатып алу-сату шартының бес түрі қарастырылған: Бөлшектеп сатып алу – сату шарты (ҚР АҚ 445-476 баптары), тауар жеткізілімі шарты (ҚР АҚ 458-477 баптары), контрактация шарты (ҚР АҚ 478-481 баптары), энергиямен жабдықтау шарты (ҚР АҚ 482-492 баптары), кәсіпорынды сату шарты (ҚР АҚ 493-500 баптары). Сатып алу-сату шартының объектісі ретінде азаматтық айналымнан алынбаған кез-келген зат, субъектісі ретінде жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекет те қарастырылады. Шарттың елеулі талаптары болып оның атауы мен саны қарастырылады. Сатып алу-сату шарты бойынша шартты (мәміле) жасауға, өзгертуге, бұзуға және шарттық міндеттемелерді орындауға байланысты сот тәжірибесіне талдау жасап көруге тырысайық. Осылайша, Қызылорда облысы, Жалағаш аудандық соты 11 қаңтар 2023 жылы талап қоюшы К.К.Т мен жауапкер «Жалағаш кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі арасында тұрғын үйге жер учаскесімен бірге меншік құқығын тану туралы азаматтық істі қараған.

Талап қоюшы К.К.Т 2003 жылдың қаңтар айында А.Е Жалағаш кенті, Бұқарбай батыр көшесі, 52 үйді жер учаскесімен бірге 250 000 теңгеге сатып алған. А.Е 2003 жылы 13 мамырда қайтыс болған, үйдің құжаттарын өз атына тіркепеген. Сол уақыттан бері талап қоюшы К.К.Т сол үйде отбасымен бірге тұрып келген. Сонымен қатар үйдің жөндеу жұмыстарын талап қоюшы жасап, барлық коммуналдық төлемді төлеп отырған. Соттан тұрғын үйге жер учаскесімен бірге сатып алу-сату мәмілесі негізінде меншік құқығын тануды сұраған. Сотта куә қатарында жауап берген С.М.А марқұм А.Е әйелі екенін, күйеуі 2003 жылы қаңтарда 250 000 теңгеге аталған жер учаскесін үстіне орналасқан 3 бөлмелі сараймен қосып К.К.Тогысоваға сатқанын, күйеуі науқастанып қайтыс болғанын айтқан. Осы үйде талап қоюшы отбасымен бірге тұратынын, мүлікке қатысты дау жоқ екенін көрсеткен.

Сот істі қарау кезінде ҚР АҚ 235-бабының 2-бөлігіне сай меншік иесі бар мүлікке меншік құқығына басқа адам сатып алу-сату туралы мәміленің негізінде ие болуы мүмкін екендігін көрсетіп, 250-бапқа сәйкес, азамат өзіне тиесілі мүлікке меншік құқығынан бас тарта алады, бұл жөнінде ол жариялайды, не бұл мүлікке қандай да болсын құқықтарын сақтау ниетінсіз өзінің мүлікті иеленуден, пайдаланудан және оған билік етуден шеттейтінін айқын дәлелдейтін басқа да әрекеттер жасайтындығын көрсеткен [2]. Құқықтық фактілер ретінде Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Бұқарбай батыр көшесі, 52 мекенжайда орналасқан жер учаскесінің құқық иеленушісі А.Е болып табылады. А.Е 2003 жылы 13 мамырда қайтыс болған, ол қайтыс болу туралы куәлікпен бекітілген.

Талап қоюшы К.К.Т жер учаскесін үстінде орналасқан сарайымен қосып 2003 жылы қаңтар айында А.Е 250 000 теңгеге сатып алған, сол уақыттан бері осы үйде отбасымен бірге тұрады. Сот талап қоюшы ұсынған құжаттармен, үй ашық ұдайы және өзінікіндей пайдаланатындығы расталып, жер, жарық, салық төлемдері К.К.Т төленген. Сот тараптар арасында жер учаскесін сатып алу-сату мәмілесі іс жүзінде орындалған деп санай отырып, талап қоюшының талабын қанағаттандырған [3].

Сатып алу-сату шарты бойынша шарттық міндеттемелерді орындамауға және тиісті дәрежеде орындамауға байланысты тағы да бір азаматтық іс Қызылорда қалалық сотымен 19 сәуір 2022 жылы қаралған. Сот талап қоюшы Б.К және жауапкер К.Ж арасында Сатып алу-сату келісімшартын бұзу туралы азаматтық іс қаралған. Іс бойынша талап қоюшы мен жауапкер арасында Қызылорда қаласы Абай тұйығы №39 мекенжайда орналасқан 3 пәтердегі тұрғын емес жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату туралы 12 мамыр 2020 жылғы №1304 санды келісімшарт жасалған. Шарт нотариус Ш.Ш.Жалгасбаевамен куәландырылған. Шарт бойынша жылжымайтын мүлік 3 428 000 теңгеге сатылған. Жылжымайтын мүлік жауапкер Ж.К меншігіне тіркелген. Жауапкер Ж.К шартта көрсетілген соманы төлемегендігін, талап қоюшы нотариус Ш.Ш.Жалгасбаеваға тараптар арасында жасалған шартты бұзуға арыз берген.

Сот істі қанағаттандырған. Іс бойынша ҚР Азаматтық кодексінің 401, 406-баптарын, яғни сатып алу сату шартының жасалу негіздерін көрсеткен. Сот келесі мән-жайларды басшылыққа алаған. 12 мамыр 2020 жылы тараптар арасында жоғарыда аталған жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату шарты жасалған. Шарт бойынша жауапкер 3 428 000 теңге талап қоюшыға төлеугі тиіс болған. Шартта көрсетілгендей қолма-қол аталған сома тиісінше төленді дегенмен, шын мәнінде ол қаражатты талап қоюшы алмаған. Яғни, бүгінгі күнге дейін жауапкер талап қоюшының алдындағы шарт негізінде туындаған қаражатты төлемеген. Осы арқылы сот істі қанағаттандырған [4].

Негізінен шарттық азаматтық-құқықтық қатынастарда тараптардың арасында дау міндеттеменің орындалмауы мен тиісті дәрежеде орындалмауының салдарынан туындайды. Кезекті мысал ретінде Қызылорда қалалық сотымен 9 маусым 2022 жылы қаралған істі талдауға болады. Сот талап қоюшы А.А.Ш пен жауапкер А.А.Ш арасында қарыз ақша өндіру бойынша азаматтық істі қараған. Іс бойынша талап қоюшы А.А.Ш 2021 жылдың 21 шілдесіне дейін Қызылорда қаласы, Тоғанас батыр көшесі №79 үйде тұрып келген. 2021 жылғы 21 шілдедегі №2504 санды реестрмен тіркелген сату сатып-алу шарты негізінде талап қоюшы С.Ж даулы үйді 6 200 000 теңгеге сатқан. Соттан талап қоюшы 2021 жылы 21 шілдеде даулы үйді сату кезінде ұлы жауапкер А.А.Ш сатып алушы С.Ж 6 200 000 теңгені санап алғаны, жауапкер алдағы уақытта басқа баспана алып беремін деп сендіріп ақшаны толығымен берген, жауапкер ешқандай пәтер алып бермеген, керісінше айына жалдамалы пәтер жалдап тұратынын көрсете келе, жауапкерден даулы тұрғын үйдің ақшасы 6 200 000 теңгені өндіріп беруді сұраған.

Талапты сот толық қанағаттандырған. Істі шешу кезінде ҚР АҚ 272-бабын, яғни міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға

тиіс екендігін көрсеткен. Сонымен қатар ҚР АҚ-нің 152-бабының талабы бойынша мәмілелерді жасау кезінің өзінде орындалатындарынан басқа, жүз есептік көрсеткіштен жоғары сомаға жасалатын мәміле жазбаша түрде жасалуға тиіс екендігін көрсеткен. Сот талап қоюшы даулы үйді С.Жүнісбековке сатқан, аталған үйдің ақшасын 6 200 000 теңгені жауапкер толығымен санап алғаны жауапкердің берген түсінігімен және үшінші тұлғалардың түсініктерімен бекітілгенін істі шешу кезінде басшылыққа алған [5].

Шарттық қатынастарда міндеттеменің тиісті дәрежеде орындалмауының тағы бір мысалы ретінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотымен 17 тамыз 2022 жылы қаралған талап қоюшы «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы /бұрын - «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ мен жауапкер жеке кәсіпкер «Сапарбек» - М.Б.С арасындағы қарызды өндіру туралы азаматтық істе көрініс табады.

Іс бойынша «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамы қарыз беруші тарап ретінде қарыз алушы жеке кәсіпкер «Сапарбек» - М.Б.С 2021 жылғы 17 мамырда №КЗ-21-ДПК-ЖВТ-0336 несие шартын жасап, 2027 жылғы 17 қарашаға дейін 4 000 000 теңге несие берген. Несие аталған шартқа сәйкес мал басын көбейту үшін 37-60 айлық жастағы жылқылардың 10 бас асыл тұқымды емес аналық басын сатып алуға берілген. Несие қаражаты жауапкерге 24 мамыр 2021 жылы аударылаған, оны 2021 жылғы 24 мамырдағы №984 төлем тапсырмасы дәлелдеген. Шарттың 6.2.1. 6.2.2. тармақтарына сәйкес, кредитті мақсатты тағайындалуы бойынша пайдалануға міндетті екендігі туралы тармақ көзделген. Істе жауапкер көрсетілген мерзімнің ішінде несие шарты негізінде 4 000 000 теңге несие қаражатының мақсатты жұмсалғандығын дәлелдейтін құжаттарды тапсырмаған және 37-60 айлық жастағы жылқылардың 10 бас асыл тұқымды емес аналық басын көрсетпеген. Талап қоюшы әрі қарыз беруші тарап 2021 жылғы 23 тамызда №23-18/07-07-16/746-7 несие шартының міндеттемелерін орындау туралы хабарлама жолдаған, алайда аталған хабарлама орындалмағандықтан, жауапкерге қатысты атқарушылық жазба шығарылған. Шарт талаптары орындалмағандықтан электрондық анықтама бойынша негізгі қарыз – 3 671 230,00 теңге, оның ішінде мерзімі өткен негізгі қарыз - 328770,00 теңге, сыйақы – 66 000,00 теңге, айыппұл (несиені мақсатсыз пайдаланған үшін) - 1 000 000,00 теңге, барлығы – 5 066 000 теңге өндіріп беру бойынша талап қоюшы сотқа жүгінген. Жауапкер талап қоюшының талаптарымен келспей, сотқа қарсы пікір жолдап, несие мақсатқа сәйкес қолданылғаны туралы мәлімдеген.

Сот істі шешу кезінде ҚР АҚ 272-бабын, яғни міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс екендігін көрсеткен. Сонымен қатар, ҚР АҚ 273-бапқа сәйкес [2], Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан бір жақты бас тартуға және оның шарттарын бір жақты өзгертуге жол берілмейтіндігін басшылыққа алған. Тараптар арасындағы шарттың 7.5-тармағына сәйкес, несиенің кезекті бөлігі мен сыйақы төлемін қайтару үшін бекітілген мерзімді қарыз алушы бұзған немесе мақсатсыз пайдаланған кезде несие сомасын және ол бойынша сыйақыны қарыз беруші мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге құқылы екендігін де басшылыққа алған.

Сот жауапкер жеке кәсіпкер «Сапарбек» - М.Б.С Шарт талаптарын толығымен орындаған, себебі 4 000 000 теңге несиені алған күннен бастап 90 күнтізбелік күн ішінде 10 бас жылқы малды сатып алып, 2021 жылғы 14 шілдеде ауыл шаруашылық малдарын бірдейлендіру базасы ИСЖ дерекқорында мәлеметтерімен тіркелгендігі туралы ақпаратты қарауы арқылы, жауапкер өз міндеттемелерін уақытында орындаған деген шешімге келе отырып, жауапкер Шарт талаптарын бұзбағандықтан қарызды мерзімінен бұрын қайтаруы негізсіз деген шешімге келіп, талапты қанағаттандырудан бас тартқан [6].

Азаматтық айналымда жұмыс орындауға, құрылыс салуға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге байланысты кең қолданылатын шарт мердігерлік шарт болып табылады. Мердігерлік шартының анықтамасы ҚР АҚ 616-бабында берілген, ҚР АҚ 32-тарауы мердігерлік шартының жалпы ережелеріне арналған. Қолданыстағы азаматтық заңнама бойынша мердігерлік шартының төрт түрі қарастырылған: Тұрмыстық мердігерлік шарты (ҚР АҚ 640-651 баптары), құрылыс мердігерлік шарты (ҚР АҚ 651-666 баптары), жобалау және іздестіру жұмыстарына мердігерлік шарты (ҚР АҚ 667-672 баптары), ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық, технологиялық жұмыстарға мердігерлік шарты (ҚР АҚ 673-682 баптары). Мердігерлік қатынастарынан туындаған дауды Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының №2 соты 10 қаңтар 2023 жылы қараған. Сот талап қоюшы Н.Б.З пен жауапкер Х.А.Ш арасында қарызды өндіру туралы туындаған дау бойынша азаматтық істі қарауына алған. Талап қоюшы Б.З.Н Қазталов ауылында мемлекеттік тапсырыс бойынша әрлеу жұмыс жасауға барып, жауапкер Х.А.Ш әрлеу жұмысын 1 шаршы метрге 1 000 теңге көлемінде төленетіндігі туралы келіскен. Жұмыстың бағасы – 636 000 теңгені құраған. Жауапкер Х.А.Ш талап қоюшыға 400 000 теңге төлеп, қалған 236 000 теңгені төлемеген. Осының нәтижесінде талап қоюшы қарызды өндіру үшін сотқа талап қоюмен жүгініп, 236 000 теңге көлеміндегі қарызды жауапкер Х.А.Ш өндіруді сұраған. Сот аталған істі қарау кезінде жауапкер Х.А.Ш өкілі М.Т.С талап қоюшы Н.Б.З талап қою талаптарымен келіспей, істі қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Сот жоғарыда аталған қарызды өндіру туралы туындаған азаматтық істі қарау кезінде ҚР АҚ 7- бабындағы азаматтық құқықтар мен міндеттер туралы бапты басшылыққа алған. Аталған бапқа сәйкес, азаматтық құқықтар мен міндеттердің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шарттардан, мәмілелерден, заңнамаға қайшы келмейтін мәмілелерден; ҚР заңнамасының күшімен азаматтық құқықтық салдарларға алып келетін әкімшілік актілерден; сот шешімінен; заңнамалық актілерде тыйым салынбаған негіздер бойынша мүлікті жасау, жою, сатып алу немесе оны иеліктен шығару, сондай-ақ мүлікке құқықтан бас тарту нәтижесінде; зияткерлік қызметтің өзге де нәтижелерін жасау салдарынан; зиян келтіру салдарынан, мүлікті негізсіз сатып алу немесе негізсіз баю салдарынан; азаматтар мен заңды тұлғалардың өзге де әрекеттері салдарынан; ҚР заңнамасы азаматтық-құқықтық салдарлардың басталуын байланыстыратын оқиғалар салдарынан пайда болатынын, өзгеретінін және тоқтатылатынын көрсеткен [2].

Сот істің уәждеу бөлігінде ҚР АҚ-де көзделген негіздерге сәйкес, жауапкер Х.А.Ш талап қоюшы Н.Б.З алдындағы міндеттемесінің пайда болатыны, өзгертіні және тоқтатылатыны туралы негіздердің жоқ екенін көрсеткен. Талап қоюшы жауапкердің 236 000 теңге қарыз екені туралы тікелей дәлелдемелер келтірмей, тек 400 000 теңгені «Каспий банк» АҚ арқылы аударғаны туралы скрин жолданғанын келтірген. Істе куә ретінде тартылған А.Е.Б. тараптар арасында жұмысты орындау бойынша келісім жасалғанын айтқан. Сонымен қатар тараптар арасында жіберілген дауысты хабарламалар да 236 000 теңге жауапкер қарыз екендігі туралы дәлелдер келтірмеген. Тараптардың арасында жазбаша түрде басқа келісімшарттар жасалмаған.

Сот жоғарыдағы негіздерді басшылыққа ала отырып, аталған істі қанағаттандырусыз қалдырған [7].

Шарттық қатынастарда міндеттеменің тиісті дәрежеде орындалмауының тағы бір мысалы ретінде Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотымен қаралған келесі азаматтық істі талдауға болады. 24 наурыз 2023 жылы талап қоюшы «М» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен жауапкер «Б-Н-А» жеке кәсіпкері арасында 2022 жылғы тамыз айындағы 4 002 380 теңгеге жұмыстың жасалғаны туралы №3 актіні жарамды деп тану мен 20 000 000 теңге берешекті өндіру туралы азаматтық талап сотпен қаралған. Жауапкер «Б-Н-А» ЖК (тапсырыс беруші) мен талап қоюшы «М» ЖШС-і (мердігер) арасында 2022 жылғы 02 мамырда құрылыс жұмыстарын жасау туралы №2/2/2022 мердігерлік шарт жасалған. Шартқа сәйкес, мердігер «М» ЖШС-і тапсырыс беруші «Б-Н-А» ЖК тапсырмасы негізінде Атырау облысы Исатай ауданы Аққыстау селосындағы №1 мекенжайдағы мансардылы бір пәтерлік тұрғын үйге жөндеу жұмысын (электр желісін жүргізу, жылу жүргізу, еден, төбе, шатыр, балкон, үйдің қабырғалары, ішкі баспалдақтар, ішкі су жүргізу, сыртқы өңдеу, гаражды жөндеу) жүргізуге міндеттенген. Жұмыстың құны - 20 000 000 теңгені құрап, жасалған жұмыс туралы актіге тараптармен қол қойылғаннан кейін, тапсырыс беруші «Б-Н-А» ЖК мердігерге үш банкілік күннен қалдырмай ақыны төлеген.

Талап қоюшы сотқа талап қою жолдап, нақты жұмыстар жасалғанын, алайда жауапкер әртүрлі сылтаулармен берешек төленбегенін көрсеткен. 09.02.2023 жылғы сот отырысында талап қоюшы өкілі А.Қ.Е сотқа берген түсініктемесінде талап қою арызын сотқа тапсырғаннан кейін жауапкер тарапынан 13 000 000 теңге төленгенін, қазіргі таңда 7 000 000 теңге төленбегенін көрсетіп, талабын қуаттап, қанағаттандыруды сұраған. Жауапкер өкілі Б.Р.Ахиев жауапкердің материалдық жағдайына байланысты қалған 7 000 000 теңгені 2023 жылғы 15 шілдеге дейін төлейтінін, талаптың қанағаттандырылуына қарсы емес екенін түсіндірген. Сот істің уәждеу бөлігінде ҚР АҚ 272, 273-баптары бойынша міндеттеменің тиісінше орындалуы қажет екендігі мен бір жақты бас тартуға және оның шарттарын бір жақты өзгертуге жол берілмейді делінгендігін көрсеткен.

Сот, жауапкер тарапынан шарт бойынша міндеттеме тиісті түрде орындалмаған деп тауып, 2022 жылғы тамыз айындағы 4 002 380 теңгеге жұмыстың жасалғаны туралы №3 акті жарамды деп танылуға және жауапкерден талап қоюшының пайдасына 7 000 000 теңге берешек өндірілуге жататындығы туралы шешім шығарып, талапты ішінара қанағаттандырған [8].

Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде ҚР АҚ 349-бабына сәйкес борышқордың несие берушінің алдында өз міндеттемесін бұзу қарастырылады. Шарттық қатынастардағы құқық бұзушылық ретінде міндеттеменің орындалмауы, не тиісті дәрежеде орындалмауы қарастырылады. Бірінші жағдайда (міндеттеменің орындалмауында) борышқор орындауы тиіс болғанды мүлдем орындамайды: ақшалай қарызды қайтармайды, тауарларды жеткізуден бас тартады немесе мүлдем жеткізбейді. Міндеттеменің орындалмауы ретінде борышқордың шартқа сәйкес белгілі бір әрекеттерді жасауы, бірақ мұны несие берушінің қабылдауы қарастырылуы мүмкін. Екінші жағдайда міндеттеме орындалады, бірақ тиісті дәрежеде емес: міндеттеменің уақылы орындалмауы, жартылай, тауарлар мен жұмыстарға қатысты кемшіліктер орын алуы мүмкін [9].

Жоғарыда талданған сот шешімдері негізінде шарттық жауапкершіліктің көптеген нысандары үшін, келтірілген зиянды өтеуден басқа, құқыққа қайшы әрекет (әрекетсіздік) пен кінә сияқты екі элементтен тұратын құқық бұзушылықтың қысқартылған (формальді) құрамы тән, бұл құрамда зиян міндетті элемент болып табылмайды. Сондықтан да кінәнің интеллектуалды белгісі ретінде зиянды болжау элементі аталған жағдайларда маңызды емес.

Құқық теориясында қалыптасқан ережелерге сәйкес формальді құрамды құқық бұзушылықтарда кінәсіздік тек тұлғаның өз әрекеттерінің құқыққа қайшы сипатын саналы түрде түсінгенімен не түсінбегенімен анықталады. Жоғарыда атап көрсетілгендей, азаматтық құқықта тұлғаның шарттық қатынастарда өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) құқыққа қайшылығын түсінбегені сирек орын алады (шарт бойынша төлемнің уақытылы жасалмауы, жеткізілім мерзімдерін бұзу және т.б.).

Шарттық қатынастарда материалды құрамды жалғыз құқық бұзушылық – міндеттеменің орындалмауымен зиян келтіру. Материалды құрамды құқық бұзушылықтарда кінәнің интеллектуалды элементі құқыққа қайшылықты және құқыққа қайшы әрекет (әрекетсіздік) пен зиян арасындағы себепті байланысты саналы түрде түсінуінде, сондай-ақ орын алуы ықтимал зиянды алдын-ала болжауында көрініс табады.

Нәтижелер

Зиянды алдын-ала болжау – бұл кінәнің интеллектуалды элементінің белгісі, десек те заңшығарушы ҚР АҚ 359-бабында кінәсіздікті анықтағанда оны ескермейді. Деликтілік құқық бұзушылықтар әрқашан да зиянды құқық бұзушылықтың міндетті элементі ретінде қарастыратын материалды құрамда болады. Тұлғаны деликтілік жауапкершілікке тарту үшін, әдетте, кінәсіз жауапкершілікті қоспағанда, құқық бұзушылық құрамының барлық төрт элементі қажет.

Жалпы ереже бойынша шарттық жауапкершілікке тартуда құқық бұзушылықтың екі элементінің ғана (құқыққа қайшы әрекет (әрекетсіздік) және кінә) орын алуы талап етіледі, салдары ретінде кінә презумпциясының әрекет етуіне және борышкерге өзінің кінәсіздігін дәлелдеу құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Заң әдебиеттерінде

заңшығарушының шарттық және деликтілік қатынастарда кінә презумпциясын заңды-техникалық бекітудің әртүрлі әдістері көрініс тапқан: «шарттық қатынастар шеңберінде кінәлілік презумпциясы міндеттемені бұзған тұлғаның жауапкершілікке тартылып, өз кінәсіздігін дәлелдеу міндетімен сипатталып, ал шарттан тыс қатынастарда – құқық бұзушының жауапкершіліктен босатылу құқығынан және өзінің кінәсіздігін дәлелдеу міндетінде көрініс табады [10].

Кінәлілік презумпциясы халықаралық шарттар мен шетелдік заңнамаларға қарағанда Отандық заңнамада нақты көрініс тапқан, бұл өз кезегінде шетелдік заңнама бойынша кінә қағидасынан ауытқу қажет болған жағдайда ғана құқықбұзушы кінәлі деп танылатындығымен түсіндіріледі. Мысал ретінде Еуропалық деликтілік құқық қағидаларын келтіруге болады. 4:201 бабының 1-бөлігіне сәйкес («Кінәні дәлелдеу міндетінен босату. Жалпы ережелер») «Кінәні дәлелдеу міндетінен босату мүмкіндігі орын алған құқықбұзушылықтың қауіптілігінің ауыртпалығына байланысты» [11, P.261].

Қорытынды

Мақалада талданған сот шешімдері негізінде шарттық жауапкершіліктің көптеген нысандары үшін, келтірілген зиянды өтеуден басқа, құқыққа қайшы әрекет (әрекетсіздік) пен кінә сияқты екі элементтен тұратын құқық бұзушылықтың қысқартылған (формальді) құрамы тән, бұл құрамда зиян міндетті элемент болып табылмайды. Сондықтан да кінәнің интеллектуалды белгісі ретінде зиянды болжау элементі аталған жағдайларда маңызды емес.

Шарттық азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тартуда құқық бұзушылықтың екі элементінің ғана (құқыққа қайшы әрекет (әрекетсіздік) және кінә) орын алуы талап етіледі, салдары ретінде кінә презумпциясының әрекет етуіне және борышқорға өзінің кінәсіздігін дәлелдеу құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Авторлардың қосқан үлесі

Шарттық азаматтық-құқықтық қатынастарда кінәні анықтаудың тәжірибелік аспектілері туралы мақаланы жазу барысында әр автордың қосқан үлесі мақаланы сәтті аяқтау мен ғылыми зерттеу жүргізу кезінде өзіндік маңызы болды. Ғ.Ө.Серім мақаланың тұжырымдамасына және дұрыс рәсімделуіне елеулі үлес қосып, зерттеу нәтижелерін жинауға және теориялық бөлімдегі ғылыми еңбектерді талдауға үлес қосты. У.С.Серимов пен С.А.Туменбаев талдау нәтижелерін түсіндіруге және тұжырымдамалар жасауға үлестерін қосты. Авторлар мақаладағы сот практикасын талдауға және оның мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарауға бірге үлес қосты. Мақаланың мәтінін жазу, оның мазмұнын талаптарға сәйкестендіру мен жариялау үшін оның соңғы нұсқасын бекіту жұмыстарына Ғ.Ө.Серім үлес келтірді. Авторлардың жұмысы мақаланы жазуға, теориялық және сот практикасына негізделген талдау жүргізуге және зерттеу нәтижесінен белгілі бір тұжырымдар шығаруға бағытталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Чикишева Н.А. Презюмирование вины при применении договорной и деликтной ответственности. Власть. 2016. Том 24. № 3. С. 171-178.
- 2 Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық Кодексі // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_
- 3 Сот шешімі. №4336-23-00-2/279 азаматтық іс. ҚР Жоғарғы Соты. URL: https://drive.google.com/file/d/1VQAA53AyOQS2Tu5bBZJDQ8xIyucETbBZ/view?usp=drive_link
- 4 Сот шешімі. № 4319-22-00-2/538 азаматтық іс. ҚР Жоғарғы Соты. URL: https://drive.google.com/file/d/1lFNy73eHFD34GODNOqdaIvn7MDP_vi3K/view?usp=drive_link
- 5 Сот шешімі. № 4319-20-00-2/1014 азаматтық іс. ҚР Жоғарғы Соты. URL: https://drive.google.com/file/d/1voYTMX3rfWKix4XSPHSGAMkjPWws0VCV/view?usp=drive_link
- 6 Сот шешімі. №4360-22-00-2/924 азаматтық іс. ҚР Жоғарғы Соты. URL: https://drive.google.com/file/d/1g1Sve2xmVwcSAWutknxLL3G8FsbJuFPx/view?usp=drive_link
- 7 Сот шешімі. № 2711-22-00-2/7537 азаматтық іс. ҚР Жоғарғы Соты. URL: https://drive.google.com/drive/folders/1QS3eVNFsSARmohOvtq8_6wilOd57wOmz?usp=sharing
- 8 Сот шешімі. №2301-22-00-2/2440 азаматтық іс. ҚР Жоғарғы Соты. URL: https://drive.google.com/file/d/1VmWFpFtVN21_4G_b0OHgO4eUJ7zMYUuS/view?usp=drive_link
- 9 Басин Ю.Г. Ответственность за нарушение гражданско-правового обязательства // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1012152
- 10 Булаевский Б.А. Презумпции как средства правовой охраны интересов участников гражданских правоотношений. М: ИнФРА-М. 2013, 240 с.
- 11 Principles of European Tort Law: Text and Commentary. Springer Wien New York, 2005. P. 261

Ғ.Ө. Серім¹, У.С. Серимов², С.А. Туменбаев³

¹Университет имени Сулеймана Демиреля, г. Каскелен, Казахстан

²АО «Казахский университет технологии и бизнеса», г. Астана, Казахстан
gaini.serim@sdu.edu.kz, 7019979191@mail.ru

Практические аспекты установления вины в договорных гражданско-правовых отношениях

Аннотация. Основной задачей гражданско-правового регулирования является обеспечение стабильности гражданского оборота и защиты нарушенных прав физических и юридических лиц. Участники гражданско-правовых отношений, пострадавшие от неисполнения либо ненадлежащего исполнения заключенных договорных обязательств, должны иметь возможность защитить свои права и законные интересы, а также возместить причиненные убытки. В этой связи механизмы защиты нарушенных гражданских прав, установленных в действующем ГК РК, являются важными средствами достижения указанной цели. Цель исследования состоит в обозначении новых подходов к формулированию и установлению вины в договорных гражданско-правовых отношениях. В статье проведен анализ судебных решений по договорным гражданско-правовым отношениям. На основании проанализированных судебных решений установлено, что для многих форм договорной гражданско-правовой ответственности, помимо возмещения причиненного вреда, характерен сокращенный (формальный) состав

правонарушения, состоящий из двух элементов: противоправного действия (бездействия) и вины, и в этом составе вред может не являться обязательным элементом.

Ключевые слова: вина, договорные гражданско-правовые отношения, презумпция виновности.

G.O.Serim¹, U.S. Serimov² S.A.Tumenbayev³

1Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

2«Kazakh University of Technology and Business», Astana, Kazakhstan

gaini.serim@sdu.edu.kz, 7019979191@mail.ru

Practical aspects of establishing guilt in contractual civil law relations

Annotation. The main task of civil law regulation is to ensure the stability of civil circulation and to protect the violated rights of individuals and legal entities. Participants in civil law relations affected by non-fulfillment or improper fulfillment of concluded contractual obligations should be able to protect their rights and legitimate interests, as well as compensate for losses caused. In this regard, the mechanisms for protecting violated civil rights established in the current Civil Code of the Republic of Kazakhstan are important means of achieving this goal. The purpose of the study is to identify new approaches to the formulation and establishment of guilt in contractual civil relations. The article analyzes court decisions on contractual civil law relations. Based on the analyzed court decisions, it was found that for many forms of contractual civil liability, in addition to compensation for damage caused, there is a reduced (formal) composition of the offense consisting of two elements: unlawful action (inaction) and guilt, and in this composition harm may not be an obligatory element.

Keywords: guilt, contractual civil law relations, presumption of guilt.

References

1. Chikisheva N.A. Presumption of guilt in the application of contractual and tort liability. Power. 2016. Volume 24. № 3. S. 171-178.
2. Qazaqstan Respýblikasynyń 1994 jylǵy 27 jeltoqsandaǵy Azamattyq Kodeksi // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_
3. Judgment. No. 4336-23-00-2/279 civil case. Supreme Court of the Republic of Kazakhstan. URL: https://drive.google.com/file/d/1VQAA53AyOQS2Tu5bBZJDQ8xIyyeETbBZ/view?usp=drive_link
4. Court decision. Civil case №4319-22-00-2 / 538. Supreme Court of the Republic of Kazakhstan. URL: https://drive.google.com/file/d/11FNy73eHFD34G0DNOqdaIvn7MDP_vj3K/view?usp=drive_link
5. Court decision. Civil case №4319-20-00-2/1014. Supreme Court of the Republic of Kazakhstan. URL: https://drive.google.com/file/d/1voYTMX3rfWKix4XSPHSGAMkjPWws0VCV/view?usp=drive_link
6. Court decision. Civil case №4360-22-00-2/924. Supreme Court of the Republic of Kazakhstan. URL: https://drive.google.com/file/d/1g1Sve2xmVwcSAWutknxLL3G8FsbJuFPx/view?usp=drive_link
7. Court decision. Civil case №2711-22-00-2/7537 Supreme Court of the Republic of Kazakhstan. URL: https://drive.google.com/drive/folders/1QS3eVNFsSARmohOvtq8_6wilOd57wOmz?usp=sharing

8. Court decision. Civil case №2301-22-00-2/2440 Supreme Court of the Republic of Kazakhstan. URL: https://drive.google.com/file/d/1VmWFpFtVN21_4G_b0OHgO4eUJ7zMYUuS/view?usp=drive_link

9. Court decision. Civil case. №2301-22-00-2/2440 Supreme Court of the Republic of Kazakhstan. URL: https://drive.google.com/file/d/1VmWFpFtVN21_4G_b0OHgO4eUJ7zMYUuS/view?usp=drive_link

10. Basin YU.G. Otvetstvennost' za narushenie grazhdansko-pravovogo obyazatel'stva // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1012152

11. Bulaevsky B.A. Presumption as a means of legal protection of the interests of participants in civil legal relations. M: InFRA-M. 2013, 240 p.

12. Principles of European Tort Law: Text and Commentary. Springer Wien New York, 2005. P. 261

Сведения об авторе (авторах):

Серім Ғайни Өмірзаққызы – PhD, Сулейман Демирель атындағы Университет, Каскелен қаласы, Қазақстан, тел: + 7 707 193 59 91.

Серимов Умирзак Серимович – заң ғылымдарының кандидаты, «Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ, Астана қаласы, Қазақстан, тел: + 7 701 997 91 91.

Туменбаев Сабыр Аширбаевич – құқық магистрі, «Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті» КеАҚ, Алматы қаласы, Қазақстан, тел: +7 777 235 08 55.

Серим Ғайни Омрзаковна – PhD, Университет им.Сулеймана Демиреля, г. Каскелен, Қазақстан, тел: + 7 707 193 59 91.

Серимов Умирзак Серимович – кандидат юридических наук, АО «Казакхский университет технологии и бизнеса», г.Астана, Казахстан, тел: + 7 701 997 91 91.

Туменбаев Сабыр Аширбаевич – магистр права, НАО «Казакхский Национальный Университет имени Абая», г.Алматы, Казахстан, тел: +7 777 235 08 55.

Information about the authors:

Serim Gaini Omirzakovna – PhD., Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan, tel: + 7 707 193 59 91.

Serimov Umirzak Serimovich – Candidate of Law, «Kazakh University of Technology and Business», Astana, Kazakhstan, tel: + 7 701 997 91 91.

Tumenbayev Sabyr Ashirbayevich – Master of Law, NAO "Kazakh National University named after Abai", Almaty, Kazakhstan, tel: +7 777 235 08 55.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).